

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



G•GLOBAL

**Х Астана экономикалық форумы аясындағы
«ӘЛЕУЕТТІ МҮМКІНДІКТЕР НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ
ӘРТАРАПТАНДЫРУЫН ЖЕДЕЛДЕТУ»**

жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

II БӨЛІМ

15 маусым 2017ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых

**«УСКОРЕНИЕ ДИВЕРСИФИКАЦИИ И ПОВЫШЕНИЕ
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ ПОТЕНЦИАЛЬНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ»**

под эгидой X Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ II

15июня 2017г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars

**«ACCELERATING DIVERSIFICATION AND IMPROVING THE
COMPETITIVENESS OF KAZAKHSTAN'S NATIONAL ECONOMY BASED
ON POTENTIAL OPPORTUNITIES»**

in the framework of the X Astana Economic Forum

PART II

15 June 2017

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 330.(063)
ББК 65.01
Ә53

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент Бабланов Т.К.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А., к.э.н., и.о. доцента Мусина К.П.

Ә53 **Әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және әртараптандыруын жеделдету: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы.** – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017.
Ускорение диверсификации и повышение конкурентоспособности национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2017.
Proceedings of the international scientific conference of young scholars «Accelerating diversification and improving the competitiveness of Kazakhstan's national economy based on potential opportunities» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2017.

ISBN 978-9965-31-871-9
ISBN 978-9965-31-869-6

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату және әртараптандыру жеделдетудің және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы диверсификации национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of Kazakhstan's national economy diversification based on potential opportunities and development of recommendations for improving the competitiveness of the country's economy.

ISBN 978-9965-31-871-9
ISBN 978-9965-31-869-6

УДК 330 (063)

ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ БАНКТЕР ОПЕРАЦИЯЛАРЫН БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кушербаев Б.П.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, қ. Қазақстан.

E-mail: Mr.Bagdat@mail.ru

Коммерциялық банктің депозиттік саясатын жетілдіру және оның банктің тұрақтылығын қамтамасыз етудегі рөлін арттырудың кейбір ықтимал жолдары осындай.

Қазіргі таңда басқа тарту көздері – заңды тұлғалардың, соның ішінде банктердің қаражаты, сондай-ақ халықаралық қаржы нарықтарында тартылатын ресурстар қарқынды дамып жатыр.

Жалпы алғанда, әрбір банк депозиттік саясатты өзі әзірлейді. Сондай-ақ несиелік ұйымның басшылығы аталған бағыттардың маңыздылық деңгейін, банктің қандай да бір саясатының бірінші кезектілігін өз бетімен анықтайды. Бірінші кезекте бұл нақты банктің қызмет ету саласына, оның мамандануына немесе әмбебап құрылуына байланысты болады.

Ең алдымен, қаржы ағыны тұжырымдамасы негізінде коммерциялық банктің тұжырымдамасы негізінде коммерциялық банктің қоржындарын басқарудың қаржылық механизмін ұсыну орынды болады.

Ұйымдық қаржы ағыны басқару объектілері болып табылатын уақыт бойынша шектелген процестер тізбектілігі түрінде берілген: тарту процесі, ішкі айналым және қайта бөлу процесі, сондай-ақ қаржы ресурстарын орналастыру процесі 1 суретте бейнеленген.

Банктің ерекшелігі функцияның блоктарының әрқайсысында оларды пайдалануға басқарушылық шешімдері бойынша саралануында. Мысалы, қаржы ресурстарын тарту блогында эмиссия, пайданы пайдалану туралы шешім Директорлар кеңесінің деңгейінде, несиелер алу мен сақтандыру жарналарын жинау туралы шешім - топ-менеджмент деңгейінде, ал қорлардың құрылу, кредиторлық берешектің пайдаланылу, амортизация тәртібі туралы шешімдер – бөлек бөлімшелер деңгейінде қабылданады [1].

Көп нұсқалыққа қарамастан, ақырғы кезекте қаржы ресурстарын тарту төрт тәсілге жинақталады, оның әрқайсысының өз әйгілі ерекшеліктері бар. Бірақ ұсынылатын жүйеде әрбір элементтің құраушыларының саны экономикалық орындылықпен және заңнамамен ғана шектелген. Мысалы, бір эмиссиядан артық орналастыруға, не Жарғыда белгіленбеген қорларға пайданы бөлуге бірмезгілде болмайды. Мұның өзінде тартылатын қаржы ресурстарының көлемі қызметтің қаржыландырудың баланстық деңгейі негізінде анықталуы тиіс.

Қаржы ресурстарының ішкі айналымы және қайта бөлінуі – активті операцияларда негізгі көздерді неғұрлым толық және тиімді пайдалану үшін пропорциялары мен құрылымын өзгерту арқылы қаржы ресурстарын басқару. Сонымен, ішкі айналымның негізгі мақсаты меншік иелерінің мүдделерін ескеру арқылы, сондай-ақ активті операцияларды жүргізген кезде туындайтын талаптарды ескеру арқылы банк қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету болып табылады. Бәсекелес күрес жағдайларында несиелік ресурстар нарығында банк коммерциясының ресурстарының маңызды көзі болып табылады. Отандық ЕДБ өз депозиттер жағынан, сондай-ақ сапалық жағынан жақсарту туралы үнемі қамқор болуы тиіс, бұл үшін әртүрлі әдістерді пайдалануы тиіс (салымшыларға пайыздық мөлшерлеме, әртүрлі қызметтер және жеңілдіктер). Мұның өзінде депозиттік операцияларды ұйымдастырудың қағидалары сақталады.



1 - Сурет – Коммерциялық банктің қаржы ағынының құрылымы

Банктің қаржы ресурстарын басқару ішкі, сондай-ақ сыртқы көздерде дәл және жеткілікті ақпаратты қажет етеді. Мұның өзінде сыртқы ақпарат стратегияны экономикалық дамыту және құруды болжау үшін, ішкі ақпарат – пассивтерді басқару бойынша саясаттың орындалуын қадағалау және ондағы өзгерістердің қажеттігін бағалау үшін қажет. Банктің пайдаланатын барлық ақпараты маңызды, сенімді және дер мезгілінде болуы тиіс.

Коммерциялық банктер қажет ақпаратын келесі түрде көрсете алады, ол 1 кестеде көрсетілген. Берілген кесте ақпараты бойынша банктегі қаржы ресурстарын басқарумен айналысатын бөлімшесі келесі бағытта операцияларын жүргізеді:

- ағымдағы және болашақ тәуекелдерді белгілеу;
- пайыздық мөлшерін, валюталық курстың, инфляция мен өсу қарқындарының өзгеруіне активтер мен пассивтердің сезімталдығын талдау негізінде тәуекелдердің көлемін сапалық жағынан анықтау;
- баланс бойынша қажет жиынтық позицияны қолдау үшін қажет нәтижелерді талдау мен әрекеттерді анықтау (пайыздық мөлшері өзгерістері оң, теріс);
- берілген позицияны қолдау үшін қажет, өткізілетін шаралардың құнын анықтау үшін кейінгі сценарийді әзірлеу, яғни болуы мүмкін шығындарды немесе шығыстарды бағалау және тиісті шешімдерді қабылдау. Әзірленген стратегияларда өзгерістерді қоса алғанда [2].

Қорыта келгенде, алынғанда ақпараттың негізінде басқарушылық шешімдер қабылданады. Қаржы ресурстарын басқарудың үздіксіз процес болып табылатындықтан,

жаңа шешімдерді қабылдау қажеттігі апта сайын, ай сайын, ал қажет болған кезде – күн сайын туындайды. Осындай ақпараттық массивін өңдеу үшін аналитика мен таңдауға берілетін шешімдердің ұсынымдарымен кіріктірілген құралдармен автоматтандырылған жүйені әзірлеу қажет.

1-кесте

Коммерциялық банк пассивтерін басқару үшін қажет ақпарат

№	Сыртқы көздер	Ішкі көздер
1	2	3
1	Экономикалық есептер: Жалпы болжамдар; Қызметтер саласындағы іскерлік белсенділік; халықаралық аспектілер.	Пассивтердің ұлғаюын талдау; Көлемдер мен бағалар; өткен жылдар үшін жоспармен және деректермен салыстыру; көлем мен спред тенденциясы.
2	Қаржы нарықтары: Пайыздық мөлшерлемелер; валюталық курс және акциялардың бағалары; Банктер мен негізгі бәсекелестер шығарған құралдардың екінші нарығындағы жағдаят; Екінші нарықта несиелік тәуекелді бөлу; Шиеленістер үшін себептер	Реттеуші нормаларға сәйкестік: капитал; өтімділік; мерзімдердің сәйкес келмеуі бойынша шектер; валюталық позициялар бойынша шектер; қаржы құрылымының ішкі мақсаттарына сәйкестік; Ішкі және сыртқы нормалар мен мақсаттық мәндерге сәйкес нақты деректерді келтіру бойынша күтілетін шаралар.
3	Реттеу, салық салу және есепке алу: Икемділікке реттеуде өзгерістердің күтілетін әсері; Реттеудегі, салық салудағы, есепке алуға өзгерістер бойынша шығындар; Келеңсіз өзгерістерден қорғау	Пайыздық тәуекел бойынша позиция: Ағымдағы позиция; Пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістерге ағымдағы позицияның сезімталдылығын талдау; Қызметтің күтілетін ұлғаюынан позицияның күтілетін өзгеруі;
Ескертпе: пайдаланған әдебиеттер негізінде автор жасаған[2].		

Қаржы ресурстарын сәтті басқарудың қажетті шарты дәл және реттемелі ақпарат пен есептілік жүйесін ұйымдастыру болып табылады. Ол болмаған кезде комитет өз қызметінің мақсаттарын іске асыра алмайтын күйде болады. Барлық банк үшін ақпарат пен есептерге қойылатын талаптардың мінсіз, бірегей жиыны жоқ. Бірақ комитеттің келесі құжаттары міндетті тәртіпте боулы тиіс:

- пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне баланстың сезімталдылығы туралы есеп;
- пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімтал активтер мен пассивтерді өтеу мерзімі.

Сонымен қатар, несиелік өтінімді қарау және бекіту тәртібі қатаң қадағалауды қажет етеді. Бөлімде несие комитеті бар, алайда әрбір комитет мүшесі несиелік өтінімді қолдау немесе қабылдамау туралы шешімді қабылдау жауапкершілігін түсінгендері маңызды. Сонымен қатар өтінімдер жеке тәуекелдер мен келісімнің табыстылығы бойынша қаралып қоймай банктік несие тұжырымдамасына сәйкес келетін несие портфелінің қалыптастыру тұрғысында қарастырылуы керек.

Несие бөлімі қызметкерлерінің кәсіби дайындығы, өтінімді қарастыру уақытынан бастап несиені өтеу уақытына дейінге олардың барлық несие барысы кезеңдеріндегі тәжірибесі мен жауапкершілігі әлде қайда әсерін тигізеді.

Банктің кеңселері ішкі лимиттерді бекітіп қосымша өкілеттігін шектеген кезінде қарыз алушылардың әр түрлі санаттары үшін несие портфелінің әртараптандыру арқылы кепілзатпен қамтамасыз ету, несие және қаржы құралдарының, валюталар мен басқа да

атрибутты түріне байланысты шарттарына несиелік тәуекелін барынша азайту мақсаты қойылады.

Ол үшін лимиттердің барлығы икемді болуы керек және бір-біріне кедергі келтірмеуі керек. Банк қолданатын лимиттердің барлық түрінің негізі ол тәуекел көлемін шектеуші (инсайдерлер, үлкен кредиторлар, бір клиентке тәуекелдің максималдық көлемі) болып табылады [3].

Үлкен дәрежеде несиелік тәуекелді азайту үшін әрбір нақты мәміле бойынша несиелік шартының талаптарын дамыту мен анықтау ықпал етеді. Әдетте үлгілік шартты қолдану несиелік келісім шартының талаптарына сәйкес келмеуіне алып келеді. Несиелік шарттың ауқымды бөлігін Банк кодексі бекітіп берген талаптар құрайтын болғандықтан, несиелік бөлінген шараның мәні көрініс табатындай, сол шарт бойынша несиелік тәуекел төмендеп, несиелік бойынша ауқымды табыс алатындай олар мұқият ұйымдастырылуы керек.

Несиелік тәуекелдің өсуіне келесідей ішкі факторлар әсерін тигізеді:

- қарыз алушының қаржылық жағдайының өзгеруі,
- несиелік өтеудің көлемінің және сапасының өзгеруі,
- несиелік келісімнің талаптарын орындамау,
- адами факторлар.

Сондықтан да несиелік тәуекелді басқару сапасын бағалау үшін банкте несиелік жетекшілік ету жұмыстары бойынша, жоғары несиелік тәуекелділігі мен мәселесі бар несиелермен қазіргі заманғы несиелерді анықтау, әлден қарыз мәселесі барларды төмендету, сонымен қатар ішкі бақылаудың деңгейі мен сапасын бағалау жұмыстарына талдау жасау маңызды.

Несиелік тәуекелді төмендету, несиелік өтеуді қамтамасыз ету үлгілерін қолдануға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде несиелік қамтамасыз етудің сенімді тәсілінің бірі ол құнды мүлікті кепілдікке қою. Құндылық мәселесі кезінде келесі факторларды ескеру қажет:

- кепілдік сапасы, яғни, кепілдік нысаны болып табылатын мүлік немесе жабдық қаншалықты ескі немесе зақымдалған;
- құнсызданудан мүлік қаншалықты сақтандырылған;
- қолданыстағы заңнама негізінде кепілдікті тез арада жүзеге асыру мүмкіндігі.

Кепілдік нысаны ретінде несиелік мен пайыздарды өтей алатын кез келген құнды мүлік бола алады. Сонымен қатар, кепілдік сомасына қарызды еріксіз өндіріп алу шығындарын да қосқан жөн.

Банктік бизнестегі бәсекелестіктің жоғары деңгейі, банктердің несиелік операциялардың рентабельділігін арттыруға тырысуы, банктердің несиелік портфельдерін нашарлауын тудыруы мүмкін, олардың несиелік саясаттарын либералдануға алып келеді. Бұл жағдайда, қарыз алушы – заңды тұлғаның қаупінің сандық бағалауы мен болжауы, жүйелеудің дұрыс моделін құру міндетіне аса назар аударылады.

Сонымен, қазіргі кезде бәсекелестік артықшылықты, аз шығын жұмсай операциялардың ауқымды көлемін өндіре алатын, клиенттерге операциялық және жеке тәсіл қолдана сыртқы өзгермелі ортаға тез әрекет ететін жоғары технологиялық банктер қалыптастыру қажет.

Әдебиет:

1. Банковский менеджмент: учебник / под ред. Лаврушина О.И. – Изд. 4-е, перер. и доп. — М.: КноРус, 2011. – 560 с.
2. Бименова, А. Банктегі бухгалтерлік есеп [Мәтін] : оқу-құралы / А. Бименова. - Астана : Фолиант, 2008. - 189 б.
3. Киселева, И.А. Модели банковских рисков/ И.А. Киселева. – М.: Приор, 2012. – 260с.